


**Микробиологиялық препараттар дайындау.
«Жаншылған тамшы» препараты.**

Қажетті құрал-жабдықтар:

Спиртшам	
микробиологиялық тұзақ	
заттық шыны	
жабынды шыны	
Пробиркада (қиғаш агарда) өсірілген микроорганизм дақылы	
Микроскопияға арналған ыдыстар (лоток и мостик)	

Препараттарды заттық шыныларда дайындайды. Ең алдымен заттық шынының бетін дайындап алу керек. Шынының беті тазаланған немесе майсызданған болуы керек. Майсыздандырудың ең тиімді жолы - шыныларды хром қоспасымен өңдеп, су және спиртпен шаю. Ал күнделікті жұмыста құрғақ шыныны сабынмен жуып, таза сүрткішпен сүрту жеткілікті.

Тірі клеткалардың препараттары. «Жаншылған тамшы» препараты. «Жаншылған тамшы» препараты микроорганизм клеткаларының пішінін, олардың мөлшерін және орналасуын, спора түзулерін, қозғалғыштықтарын зерттеу үшін қолданылады.




1. Заттық шыныны дайындаңыз (Заттық шынының майсызданған және таза екеніне көз жеткізіңіз).

2-3. Заттық шыныға бір тамшы су тамызып



4-5. Оған тұзақпен зерттеу материалын енгізіп, араластырамыз.



6. Жабынды шынымен жабамыз. Жабынды шыныны тамшыға тигізген кезде оның шетін тамшының шетіне тигізіп, біртіндеп еңкейте отырып, әйнекті төмендетіңіз.




7. Тамшы көлемі үлкен болмау керек. Сұйықтық шеттерінен асып кетпеуі және Жабынды шынының беткі жағы су болмауын қадағалау керек. Жабынды шыны шетінен шығып тұрған артық су болса, фильтр қағазымен сүртеміз.



Жабынды шыны астында қалған ауа көпіршіктері аз болса бақылауға кедергі жасамайды. Бірақ көпіршіктер көп болса, препаратты қайтадан дайындау керек.





Микроорганизм клеткалары жеке-жеке көрінуі үшін препарат тым қалың болмауы керек.




Препараттар дайындалған кезде тездетіп сол мезетте зерттеледі (әсіресе тірі бактериялар), әйтпесе су құрғап, микроорганизм жасушалары қозғалғыштығын жоғалтады.

Бактериологиялық тұзақты әрбір жұмыс алдында және одан кейін спирттік шам отында қызыл болғанша қыздырып күйдіріп алу керек.

Қыздырғаннан кейін тұзақты ауада 2-3 секунд ұстап салқындатып алып келесі жұмысты бастаймыз.





5-6.

Тұзақты ұстап тұрып, алдымен көлденең, содан кейін тік күйде спирттік шам жалынына қыздырып, қызыл болғанға дейін ұстаймыз. Егу кезінде пробирканы сол қолыңызға алыңыз, ал оң қолыңызбен тығынды, төртінші және бесінші саусақтарыңызбен мықтап ұстап, оны ашыңыз. Салқындатылған тұзақпен зерттелінетін дақылды аламыз. Содан кейін тұзақты шығарып, содан пробирканың шетін спиртовка жалынының үстінен өткізгеннен кейін пробирканы тығынмен жабамыз. Бұл жағдайда пробирканың өзін қыздырмаймыз.

Тұзақтағы дақылды заттық шыны бетіндегі су тамшысына араластырғаннан кейін оны қайтадан спирт шам жалынына қыздырып, күйдіреміз.